

**«JANASTAR» байқауының ережелері
(бұдан әрі – Ережелер).**

1. Байқаудың атауы (бұдан әрі – Байқау)	«JANASTAR»
2. Байқауды ұйымдастырушы туралы ақпарат	«W10 - Company» ЖШС
Заңды мекенжайы	Алматы қ., Тимирязев көш., 42, блок 15/1 Б, оф. 206.
Байқаудың электрондық мекенжайы (сайты)	www.janastar.kz
3. Байқауды өткізу мерзімі.	3.1. Байқаудың жалпы өтетін мерзімі 2 айдан аспауы тиіс. 3.2. Байқау жұмыстары әр Байқау маусымына сай салынып отырады. 3.3. Байқау қорытындысы кезекті байқау мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жасалады. 3.4. Байқаудың нәтижесі қорытынды жасалғанна соң 3 (үш) күн ішінде жарияланады.
4. Байқау өткізілетін орын.	4.1. Байқау ғаламторда www.janastar.kz сайтында және «TikTok» әлеуметтік желісінде 18 жастан асқан, байқауға қатысқысы келетін кез келген қатысушылар арасында өткізіледі. Қазақстан Республикасының аумағында.
5. Байқаудың мақсаты.	5. Байқаудың мақсаты – Киноға түсіру үшін жаңа дарынды жастарды табу. Байқау қатысушыларына өздернің шығармашылық таланттарын көрсетуге мүмкіндік беру.
6. Байқау қатысушыларын байқау Ережесімен таныстыру тәртібі мен әдісі.	6.1. Байқау қатысушылары Байқау өткізілетін мерзім бойынша Ережелерді ғаламтордағы байқау сайты www.janastar.kz -тен оқи алады; 6.2. Байқаудың нәтижелері ғаламторда: www.janastar.kz сайтында, сондай-ақ @JANASTARFILM байқауының «TikTok» парақшасында жарияланады.
7. Байқаудың жүлде қоры.	7. Байқаудың жүлде қоры төмендегілерден тұрады: 7.1. «Commerse» санаты бойынша: 7.1.1. Актерлік курсына білім алу үшін Алматы қаласына (Қазақстан) келу шығыны (Жеңімпаз Алматы қаласында тұрмаған жағдайда) Алматы қаласына келу шығыны төмендегілерден тұрады: - Жеңімпаздың эконом-класпен ұшақпен келуі немесе теміржол арқылы пойызбен мына бағыт бойынша жол жүруі: ҚР бойынша ұшақпен ұшатын/пойызбен шығатын қала – Алматы (Қазақстан) – ҚР бойынша ұшақ қонатын/ вокзалға баратын қала.

	<p>Ұйымдастырушы Жеңімпаздың тұратын қаласына қарай ұшақ билеті немесе пойызға билет алу туралы өзі шешім қабылдайды.</p> <p>7.1.2. Жеңімпаздың төмендегі бағыт бойынша трансфері жасалады: Алматы қаласының әуежайы/вокзалы – қонақүй/жалға алынған пәтер – Алматы қаласы әуежайы/вокзалы.</p> <p>Ұйымдастырушы жеңімпаз үшін қонақ үй/пәтер жалдау туралы шешімді өзі қабылдайды.</p> <p>Жеңімпаз Алматыға сапары кезіндегі және қалада тұрған кезінде жасаған барлық шығындарын (тамақтану, шайпұл, қала / немесе ел ішінде жүріп-тұру, сыйлықтар алу және басқа да шығындарды) өзі көтереді, ал Ұйымдастырушы Жеңімпаздың жоғарыда аталған шығындарын өтемейді.</p> <p>Егер Жеңімпаз уақытында келмеген болса және берілген/төленген рейспен дер кезінде ұшып кетпесе/пойызбен кетпесе және бұл жағдайға Ұйымдастырушының кінәсі болмаса, онда Жеңімпаз жаңа ұшақ/теміржол билетін алуға қосымша шығынды өзі төлейді.</p> <p>7.1.3. Байқау Жеңімпазын актерлік шеберлік курсына оқыту. Актерлік курстарды оқыту орны мен нақты оқу күнін Байқауды ұйымдастырушы анықтайды.</p> <p>7.1.4. Актерлік курстардың емтихан қорытындысы бойынша «Commerce» санатындағы байқау жеңімпазына белгілі фильмде рөл беріледі.</p> <p>7.2. «Grant» санаты бойынша:</p> <p>7.2.1. Байқау Жеңімпазын актерлік шеберлік курсына оқыту.</p> <p>Актерлік курстарды оқыту орны мен нақты оқу күнін Байқауды ұйымдастырушы анықтайды.</p> <p>7.2.2. «Grant» санаты бойынша Жеңімпаз (Алматы қаласында тұрмайтын болса) Алматыға сапары кезіндегі жол шығынын, сонымен қатар тамақтану, шайпұл, қала / немесе ел ішінде жүріп-тұру, сыйлықтар алу және басқа да шығындарын өзі көтереді, ал Ұйымдастырушы Жеңімпаздың жоғарыда аталған шығындарын өтемейді.</p> <p>7.2.3. Актерлік шеберлік курстарының емтихан қорытындысы бойынша «Grant» санатындағы Байқау жеңімпазына белгілі фильмде рөл беріледі.</p>
<p>8. Байқаудың жеңімпаздарын анықтау критерийлері.</p>	<p>8.1. Байқау аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде бірнеше адамнан тұратын Қазылар алқасы: байқау ұйымдастырушысының өкілі («W10 - Company» ЖШС), фильм продюсері (лері), байқау демеушісінің өкілі, кино әлемінің «Жұлдыздары», БАҚ өкілдері, байқаудың демеушісі және т.б. байқау шартына сай ұсынылған жұмыстарға</p>

	<p>қойылған «Лүпілдер» мен «Жұлдыздарды» ашық санау арқылы, көрермендердің пікірінше ең қызықты, ерекше және креативті деп табылған «Grant» және «Commerse» санатының ең көп дауыс жинаған екі жеңімпазын анықтайды.</p> <p>8.2. Байқауға қатысушылардың арасынан комиссия (қазылар алқасы), жарыстың кезекті маусымының соңында / біткен кезінде ең көп «Лүпіл» жинаған видеоны анықтап «Grant» санатындағы бір жеңімпазды табады («Лүпіл» - қатысушының байқау жұмысы астындағы «Лүпіл» белгісін басу арқылы видеоны көріп отырған адамның видеоны, материалды мақұлдауын білдіретін шартты белгі). Сонымен қатар, жарыстың кезекті осы маусымының соңында / біткен кезінде ең көп «Жұлдыздар» жинаған «Commerse» санатындағы екінші жеңімпазды табады («Жұлдыз» - қатысушының байқаудағы жұмысына «Жұлдыз» түймесін басу және әр «Жұлдызды» сатып алу арқылы, видеоны көріп отырған адамның видеоны, материалды мақұлдауын білдіретін шартты белгі).</p> <p>8.3. Егер «Лүпілдер» мен «Жұлдыздардың» саны арнайы қызметтер, бағдарламалар және т.б. арқылы арттырылып отырғаны анықталса, Ұйымдастырушы Қатысушыны Байқаудан шығарып жіберуге құқылы және бұл қатысушының байқаудағы жұмысы алынып тасталады.</p> <p>8.4. Жеңімпаздардың тізімін байқау сайтына www.janastar.kz жариялау арқылы, @JANASTARFILM TikTok парақшасына орналастыру арқылы, сондай-ақ жеңімпаздарды тіркеу кезінде алынған байланыс мәліметтері немесе әлеуметтік желілер арқылы берілген байланыс ақпаратымен байланысу арқылы Байқау жеңімпаздары туралы хабар беріледі.</p> <p>8.5. Байқаудың жалпы жеңімпаз саны – 2 (екі) Жеңімпаз.</p>
9. Қатысушының құқығы.	<p>9.1. Байқауға «Байқаудың Ережелері мен Шарттарында» көрсетілген тәртіппен қатысады.</p> <p>9.2. Жеңімпаз деп танылған жағдайда, 7 бабында көрсетілген Жұлдені беруді талап ете алады.</p>
10. Қатысушының міндеттері.	<p>10.1. «TikTok» әлеуметтік желісінде, www.janastar.kz сайтында тіркелу және / немесе авторизациялау кезінде Байқауға қатысушы өзінің жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес сенімді жеке деректерді ұсынуға міндетті.</p> <p>10.2. Байқаудың Ережелері мен Шарттарын мүлтіксіз орындауға міндеттенеді.</p>
11. Ұйымдастырушының құқығы.	Ұйымдастырушының құқығы:

11.1. Жұмыстың түпнұсқалығын тексеру және сараптамасын жасау (плагиатқа тексеру).

11.2. Осы Ереженің 13.1-тармағында көрсетілген мәліметтерді Ұйымдастырушыға ұсынбаған Қатысушыға Бас жүлдені беруден бас тарту.

11.3. Ережеге өзгертулер енгізу немесе Байқау мерзімінің бірінші кезеңінде байқауды тоқтату, бұл жағдайда Қатысушыларға Ереженің 6-бабында көрсетілген тәртіппен Ереженің өзгергені немесе Байқаудың тоқтатылғаны туралы хабар беру.

11.4. Ұйымдастырушының шешімі бойынша, егер ұсынылған жұмыстың мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына және ақыл мен әдеп қағидатына қайшы келсе, басқалардың арнамысы мен қадір-қасиетіне кір келтірсе, Байқау ұйымдастырушылары мен демеушілеріне қатысы жоқ жарнамалық сипатқа ие болса бұл жұмысты қабылдаудан бас тарту;

11.5. Өз қалауы бойынша кез келген уақытта Қатысушы мәліметтерінің дұрыстығын тексеруді өз бетінше жүргізуге және көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растайтын құжаттарды талап ету;

Жоғарыдағылар мына жағдайларда жүзеге асырылады:

- Қатысушының (тіркеуден өту және / немесе Байқау сайтында авторизациясы кезінде) қате және / немесе жалған (оның ішінде кездейсоқ қате) дербес деректерді ұсынуы,

- Қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттарды беруден бас тартуы,

- егер Ұйымдастырушы Қатысушыны «сыйлық аңдушы» деп тапса, Ұйымдастырушы мұндай Қатысушыны Байқауға қатысудан және / немесе оған жүлде беруден бас тартуға құқылы.

«Сыйлық аңдушы» - төменде көрсетілген бір немесе бірнеше әрекетті жасаған тұлға (тек бұлармен ғана шектелмейді):

- бір IP-адресстен бірнеше аккаунттарды тіркегенде (бірнеше қатысушы ретінде әртүрлі немесе бірдей атпен / тегімен тіркелген);

- Қатысушы суретсіз немесе бейнесіз тіркеліп, оның нақты кім екенін анықтау қиын болғанда;

- «ТікТок» әлеуметтік желісінде досының саны 15-тен (он бес) кем болған жағдайда;

- Әлеуметтік желіде немесе байқау сайтында тіркелген кезде Қатысушыға арналған сауалнама толығымен толтырылмаған жағдайда (оның аты-жөні, туған жылы, жынысы, тұрғылықты жері (қаласы), жеке электронды поштасы және т.б.

	<p>мәліметтер).</p> <p>- «TikTok» әлеуметтік желісіндегі аккаунтындағы мәліметтер төлқұжатындағы мәліметтеріне сәйкес болмағандар.</p> <p>11.6. Қатысушыдан оны жеке басын куәландыратын, сонымен қатар оның ұсынған жұмысының дұрыстығы мен бірегейлігін растау үшін қажетті қосымша мәліметтерді сұрау.</p> <p>11.7. Егер Ұйымдастырушы Қатысушыға 14.1.2-тармағына сай көрсетілген байланыс ақпараттары арқылы 3.4-тармақта көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) күн бұрын хабарласа алмаса, онда қатысушы осы Ереженің 7-бабында көрсетілген Жүлдені алу құқығынан айырылады және Ұйымдастырушы 8-бапта көрсетілген ережелерге сәйкес жаңа Жеңімпазды таңдауға құқылы.</p> <p>11.8. Егер Жеңімпаз Ұйымдастырушыға қатысты емес себептермен жүлдені алудан бас тартса, Ұйымдастырушы 8-бапта көрсетілген ережелерге сәйкес жаңа Жеңімпазды таңдауға құқылы.</p>
<p>12. Ұйымдастырушының міндеттері.</p>	<p>Ұйымдастырушының міндеттері:</p> <p>12.1. Байқауды осы Ережеде көрсетілген тәртіппен өткізу.</p> <p>12.2. Осы Байқаудың шарттарын тиісті түрде орындаған Жеңімпаздарға 7-бапта көрсетілген сыйлықтарды беру:</p> <p>12.2.1. барлық қажетті ақпараттар алынғаннан кейін, жол жүру күнінен бір сәтке бұрын «Commerse» санатындағы жеңімпаз үшін ұшаққа немесе пойызға электронды билеттерді беру, сонымен қатар қонақүй / жалдамалы пәтерде тұру үшін электронды жолдамаларды беру, яғни Жеңімпаз берген электрондық поштасына жіберу (13.1.2 тармағын қараңыз).</p>
<p>13. Жүлдені беру тәртібі мен мерзімі.</p>	<p>13.1. Жүлдені беру тәртібі:</p> <p>13.1.1 Ұйымдастырушы жеңімпаздармен «TikTok» әлеуметтік желісіндегі аккаунтына жеке хабарлама жіберу арқылы байланысады, 13.1.2. – тармабында көрсетілген құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы хабарлайды.</p> <p>13.1.2. Жеңімпаз 13.1.1-тармағына сәйкес Ұйымдастырушыдан хабарлама алған сәттен бастап 1 (бір) күннен аспайтын мерзімде Ұйымдастырушыға электрондық info@janastar.kz поштасына Жүлдені алу үшін дұрыс деректерді ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - А.Т.Ә., телефон нөмірі, пошта мекенжайы, индексі. - Сканерленген жеке куәлігінің көшірмесі. <p>13.2. Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін</p>

	<p>Ұйымдастырушы жеңімпазға 12.2 тармағында көрсетілген тәртіпте жүлде ұсынады.</p> <p>13.3. Жүлдені алғаннан кейін Байқау жеңімпазы Ұйымдастырушымен бірге екі дана Жүлдені беру-алу туралы актке қол қоюға міндеттенеді. Қол қойылған Жүлдені беру-алу туралы актінің бір нұсқасы Жеңімпазда, ал екіншісі байқау ұйымдастырушысында қалады. Жеңімпаз актіге актерлік шеберлік сабағы басталғанға дейін өзі қол қояды.</p> <p>13.4. Жүлдені алу құқығын басқа адамға беруге, сондай-ақ жүлделердің ақшалай баламасын төлеуді талап етуге БОЛМАЙДЫ.</p> <p>13.5. Егер Жеңімпаз ұтыс жарияланған күннен бастап 15 күн ішінде жүлдені алмаса, ол автоматты түрде жүлдені алу құқығынан айрылады.</p>
14. Дополнительные условия.	<p>14.1. Байқауға 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты тұратын, Қазақстан Республикасының кез келген азаматы қатыса алады.</p> <p>14.2. Байқауға қатысу автоматты түрде Қатысушының Ережемен танысқандығын білдіреді.</p> <p>14.3. Ұйымдастырушының және олардың филиалдарының қызметкерлері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері Байқауға қатыса алмайды.</p> <p>14.4. Байқауға қатыса отырып, Қатысушы «W10 – Company» ЖШС-не, «TikTok» әлеуметтік желісінде және www.janastar.kz веб-сайтында #JANASTARFILM хештегімен жарияланған видеосында «W10 - Company» ЖШС тауарлық белгісі мен өнімдерін жарнамалау және жариялау мақсатында өзінің видео жұмысын одан әрі тегін пайдалануға келісімін береді, яғни «W10 – Company» ЖШС Қатысушыға сыйақы төлемейді, сонымен қатар оларды эфирге шығару үшін пайдалануға, көпшілік алдында көрсетуге және басқа да айрықша емес құқықтарды беруге келісімін береді.</p> <p>14.5. Қатысушы барлық фотоларын / видеоларын «Адал пайдалану» қағидаты негізінде қолдануға міндеттенеді («Адал пайдалану» нені білдіреді?) және/немесе байқауға қатысу, Қатысушының автоматты түрде оның әлеуметтік желілерде және байқау сайтындағы видеосында көрсетілген барлық тұлғалардан сурет / видео орналастыруға келісім алды дегенді білдіреді. Қатысушы #JANASTARFILM хештегімен видео жариялау арқылы өзі орналастырған барлық материалдарға</p>

	<p>қатысты құқықтардың жеке өзіне тиесілі екенін растайды және осындай материалдарға қатысты авторлық құқық туралы шағымдар немесе даулар туындаған жағдайда, қатысушы осы дауды шешу жауапкершілігін және оған кеткен шығындарды өз мойнына алады, оған қоса бұл жұмыстың заңдылығы одан әрі нақтыланғанға дейін Ұйымдастырушының оны байқау тізімінен алып тастауға құқығы бар екенін мойындайды.</p> <p>14.6. Байқауды ұйымдастырушы «TikTok» әлеуметтік желісіндегі техникалық ақауларға немесе басқа да онымен байланысты ақауларға жауап бермейді.</p> <p>14.7. Ұйымдастырушы, Қатысушының толық емес, ескірген, нақты емес деректерді беруі салдарынан өз міндеттерін орындамағаны үшін жауапты болмайды.</p> <p>14.8. Ұйымдастырушы, Қатысушыдан қажетті ақпаратты ала алмағаны үшін, оның ішінде Байқау барысында байланыс ұйымдарының және / немесе байланыс арналарының кінәсі салдарынан ақпарат ала алмағаны, сондай-ақ қате немесе ескірген байланыс мәліметтері көрсетілгені үшін Қатысушымен байланыса алмағанына жауапты болмайды.</p>
<p>15. Байқауға қатысушының оның дербес деректерін өңдеу</p>	<p>15. Байқауға қатысушының оның дербес деректерін өңдеуге берген келісімі, Ұйымдастырушы тарапынан өңделетін Байқау қатысушысының жеке деректерінің тізімі, жеке деректерді өңдеудің мақсаты, осындай жеке мәліметтермен жасалатын әрекеттердің тізімі, жеке мәліметтер берілуі немесе ашылуы мүмкін тұлғалар, егер трансшекаралық трансфер болатын болса жеке деректерді трансшекаралық жолмен беру туралы ақпараттар, Байқау қатысушысының жеке деректерін өңдеу мерзімі</p> <p>15.1 Қатысушының Байқауға қатысу фактісі және Ұйымдастырушыға жіберген жеке деректері (тегі, аты, байланыс телефоны, электрондық пошта, төлқұжат деректері, ЖСН) Қатысушы өзінің жеке деректерін Байқау аясында Ұйымдастырушының өңдеуіне келісім бергенін және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңында белгіленген тәртіппен жүлдені алуға келісім бергенін білдіреді, сондай-ақ Байқау Ұйымдастырушысының статистикалық мақсаттарда қатысушының жеке деректерін пайдалануына және «W10 – Company» ЖШС өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды немесе «W10 – Company» ЖШС</p>

өнімдерінің жарнамалық үлгілерін Қатысушы көрсеткен электрондық поштаға / мекен-жайға жіберілуіне немесе «W10 – Company» ЖШС өнімі туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды жіберу мақсатында Қатысушының ұялы телефонына / электрондық поштасына және / немесе жарнамалық мақсатта белгіленген критерийлер негізінде әлеуметтік желіні пайдаланушылар тобын автоматтандырылған түрде құрып, «W10 – Company» ЖШС компаниясының өнімі туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды Байқаудан тыс басқа мақсаттарда да жіберуге келісімін береді.

15.2. Байқау ұйымдастырушысы Қатысушылар туралы мәліметтерді келісім-шарттық қатынастары бар үшінші тараптарға «W10 – Company» ЖШС өнімі туралы ақпаратты осы Ережелерде көрсетілген мақсаттарға сәйкес өңдеу үшін жіберуге құқылы. Ұйымдастырушы деректерді трансшекаралық тасымалдауды жүзеге асырмайды. Қатысушының жеке деректерін өңдеуге / пайдалануға келісім беру Байқаудың мерзімі біткен күннен бастап ар қарай 10 (он) жыл бойы жарамды болады.

15.3. Қатысушы келісімін төмендегі жағдайларда кері қайтара алады:

15.3.1. Ұйымдастырушыға кез келген уақытта мына мекен-жайға келісімді қайтару туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы: Алматы қ., Тимирязев көш., 42, блок 15/1 Б, оф. 206. Келісімді кері қайтарып алу туралы хабарлама алған Байқау Ұйымдастырушысы және оның уәкілетті тұлғалары Қатысушының жеке деректерін өңдеуді тоқтатады және хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қатысушының дербес деректерді жояды. Сонымен қатар, егер Қатысушы Байқау өткізіліп жатқан мерзімде келісімін қайтарып алса, онда Ұйымдастырушы Қатысушыдан хабарлама алған сәттен бастап ол осы Байқау шеңберіндегі жүлделерді алу құқығынан автоматты түрде айырылады.

15.4. Жеке мәліметтерді қолдану әдістерінің тізімі: жинау, сақтау, тарату (ұтыс нәтижелерін, Байқау жүлделерін алушылардың тізімін жариялау үшін қолдану), Сыйлық ұтқандарға жүлделерін ұсыну үшін, сондай-ақ жоғарыдағы 15.1 және 15.2-тармақтарында көрсетілген басқа да мақсаттар үшін пайдаланылады, сонымен бірге жеке тұлғалардың деректерін жою үшін пайдалану (құжаттарды сақтау мерзімі

аяқталғаннан кейін).

15.5. Қатысушының жеке деректер субъектісі ретіндегі құқықтары. Қатысушының құқығы:

15.5.1. Жеке деректердің операторы ретінде болған Ұйымдастырушы туралы мәліметтер алу

15.5.2. Жеке деректердің операторы ретінде Ұйымдастырушыдан өзінің жеке деректерін нақтылау, олардың неліктен бұғатталғанын білу немесе егер жеке мәліметтер толық емес, ескірген, нақтыланбаған, заңсыз алынған немесе өңдеудің белгіленген мақсаты үшін қажет болмаған жағдайда оларды жоюды талап ету.

15.5.3. өз құқықтарын қорғау үшін заңмен қарастырылған шараларды қабылдау

15.5.4. осы Ережелерде және Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңында көзделген өзге де құқықтар.

15.6. Егер Қатысушы берген деректер толық болмаса, ескірген және нақты болмаса, осылардың салдарынан Ұйымдастырушы өз міндеттерін орындамағаны үшін жауапты болмайды.